

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті жанындағы «8D023 Тіл және әдебиет» бағыты «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор кадрларды даярлайтын Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2025 жылғы есеп

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесінің 2023 жылғы 4 қазандағы №2 хаттамасымен «8D023 Тіл және әдебиет» бағыты «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы бекітілді (бұйрық №803-Н, 18.10.23):

Садирова Күлзат Каниевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, диссертациялық кеңес төрағасы, Хирша индексі – 4;

Шоқым Гүлжан Тыныштықбайқызы - филология ғылымдарының докторы, профессор, диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, Хирша индексі –1;

Тымболова Алтынай Оразбековна - филология ғылымдарының докторы, профессор, диссертациялық кеңес мүшесі (әл-Фараби атындағы ҚҰУ, Алматы қ.), Хирша индексі – 3;

Исакова Сабира Сағынбековна - филология ғылымдарының докторы, профессор, диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, Хирша индексі – 7;

Диссертациялық кеңеске «8D023 Тіл және әдебиет» бағыты «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген.

Есеп төмендегі мәліметтерден тұрады:

1. Өткізілген отырыстар саны – 10
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты – жоқ.
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Искакова Куралай Амангельдиновна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	8D02304 – Филология	21 ақпан 2025 жылы	PhD 00024639725 Бұйрық №678, 5.05.2025 ж.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты К.А. Искакованың диссертациялық жұмысы «Әбіш Кекілбаевтың полидискурсивтік тілдік тұлғасы» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Ресей Федерациясы, Екатеринбург қаласындағы Ресей мемлекеттік кәсіптік-педагогикалық университетінің филология ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.А. Евтюгинамен бірлестікте орындалды.

Зерттеудің мақсаты - жазушының қоғамдық-саяси қызметіне негізделген дискурстық қызметін талдау арқылы Ө. Кекілбаевтың тілдік тұлғасының полидискурсивтік (көп дискурсты) сипатын анықтау.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен жиналған практикалық материалдар прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, дискурс теориясы, лингваперсонология, стилистика сияқты лингвистикалық бағыттардың одан әрі дамуына, сондай-ақ тілдік тұлға болмысын дискурста көрініс табуы тұрғысынан зерттеу, сипаттау және модельдеу тәжірибесіне ықпал етеді. Алынған мәліметтер жазушы және көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер Ө. Кекілбаевтың шығармашылық мұрасын түсіну мен бағалауды тереңдетуге, сондай-ақ оның сөйлеу тәжірибесінің ерекшелігін полидискурсивтік (көп дискурсты) тәсіл контекстінде анықтауға көмектеседі.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық зерттеу жұмысы келесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары мен заңнамалық-нормативтік актілеріне сәйкес дайындалған:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (актінің өзгертілген күні 01.01.2023).

2.«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы (актінің өзгертілген күні 20.08.2024);

3.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (актінің өзгертілген күні 01.09.2024).

4.Қазақстан Республикасында тіл саясатындамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы.

5.«Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (актінің өзгертілген күні 14.06.2024).

6.«Жастарды 2030 жылға дейін әскери-патриоттық тәрбиелеу тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1039 қаулысы.

7.Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығы (17.04.2023 ж.өзгерістерімен).

8.«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді (актінің өзгертілген күні 20.02.2023).

9.«Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010. -Алматы, 2010.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен нәтижелері халықаралық және республикалық басылымдарда жарияланды. Соның ішінде: ҚР ҒЖЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4, Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналда-1.

Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған еңбек:

1.K. Iskakova¹, G. Kushkarova, B. Kurmanova, S. Sadykova, R. Zholmurzaeva. The Linguistic Personality of Abish Kekilbayev in the Context of Political Discourse(Based on the Material of Public Speeches),

2.ISSN 1799-2591, Theory and Practice in Language Studies, Vol. 13, No. 2, pp. 376-384, February 2023, DOI:<https://doi.org/10.17507/tpls.1302.12>, <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/issue/view/427>, Q2, <https://www.scopus.com/sourceid/21100314715>

ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1.Искакова К.А., Евтюгина А.А., Кушкарлова Г.К. Полидискурсивность как характерный признак языковой личности А. Кекильбаева. // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана, серия «Филологические науки», № 4 (67) 2022. с. 86-101, <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/issue/view/41>.

2.Искакова К.А., Оспанова Ж.Т., Ныгметова Б. Ғылыми дискурс шеңберіндегі тілдік тұлғаның коммуникативтік стратегиялары. // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. №2. 2024, б. 52- 66, <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/90/221>. URL: <https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp52-66>.

DOI: 10.59102/kufil/2024/iss2pp52-66

3.Искакова К.А., Оспанова Ж.Т. Тактико-стратегическая организация научно-популярного дискурса (на материале публикаций А. Кекильбаева). // Вестник Евразийского гуманитарного института, №3, 2024, стр. 53-63, <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/issue/view/45/73> , <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/171>

4.Iskakova K., Kurmanova B. Factors of formation of virtual linguistic personality in the Kazakhstani blogosphere. Tiltanym. 2024;(3):209-223. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-209-223> <https://www.tiltanym.kz/jour/issue/current>.

5.«Нито–Орал-2024 білім мен ғылымдағы жаңа ақпараттық технологиялар» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысылды, (Екатеринбург (Ресей), 10-14 наурыз 2024 ж.).

5. Ресми рецензенттер

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Искакова Куралай Амангельдиновна	Ахатова Багила Абилюможиновна – филология ғылымдарының докторы, профессор (мамандығы 10.02.19), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан.	Исакова Асылымай Сагинбековна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент (мамандығы 10.02.02), Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан.

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессор Б.А. Ахатова және филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.С. Исакова жоғары кәсіби біліктілігін танытты. К.А. Искакованың жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
2	Жазыкова Раушан Балғалиевна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	8D02304–Филология	26 маусым 2025 жыл	PhD 00032514325 ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК №2028 бұйрығы, 17.11.2025 ж.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Р.Б. Жазыкованың диссертациялық жұмысы «Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» тақырыбында орындалған. Отандық ғылыми кеңесшісі – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Садирова Күлзат Қаниқызы.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Уфа қаласындағы М.Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Хусаинова Ляйля Мидхатовнамен бірлестікте орындалды. (Уфа қ., Башқұртстан Республикасы, Ресей Федерациясы).

Зерттеудің мақсаты – ономастикалық мәселелерді дискурстық әрекет ретінде қарастырып, онимдерді шынайы өмірдегі үдеріс әрі сол үдерістің нәтижесі ретінде зерттеу және ономастикалық дискурстың өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы. Зерттеуде жүргізілген ономастикалық дискурс бірліктерінің дискурстық құрал, дискурстық рөл, мәдени және әлеуметтік код сипатының, дискурстық өрістері мен ономастикалық атауды ономастикалық дискурс пен мәтін тұрғысынан талдау үлгілері осындай бағыттағы болашақ жұмыстарда қолдануға жарамды. Зерттеудің тілдік материалдарын түрлі сөздіктер құрастыруда, оқу құралдары мен оқулықтар, магистрлік және докторлық диссертациялар жазуда пайдалануға болады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымның 1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 3) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 4) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы; 5) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» басым бағыты бойынша орындалған ЖТН АР 09259776 – «Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті» гранттық қаржыландыру жобасы (2021-2023 жж.), (Келісімшарт 145/36-21-23, 7 сәуір 2021 жыл) мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында

талқыланды: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Филология факультеті, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы (2020-2023), М.Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Башқұрт филологиясы факультеті, Башқұрт тілі мен әдебиеті кафедрасы (2022).

Докторлық диссертация нәтижелері 9 басылымда жарияланды, оның ішінде 3-еуі ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 2 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін Eurasian Journal of Applied Linguistics (процентиль=84%, Q1. 2023, 2024 жж.) және Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 2 мақала, оның ішінде шет елдік конференцияларда – 1 мақала, өзге басылымдарда – 2 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Жазыкова Раушан Балғалиевна	Рысберген Қыздархан Құрмашқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор (мамандығы 10.02.02 – Қазақ тілі), А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ., Қазақстан.	Куркимбаева Айжан Муратовна – PhD, қауымдастырылған профессор (мамандығы 6D021000 – Шетел филологиясы), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Қ.Рысберген және PhD, қауымдастырылған профессор А.М. Куркимбаева жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Р.Б. Жазыкованың жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
3	Хасанғалиева Бибигуль Кенесовна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	8D02304 – Филология	28 маусым 2025 жыл	PhD 00032514425 17 қараша 2025 жыл, бұйрық №2037

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Б.К. Хасанғалиеваның диссертациялық жұмысы «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Ресей Федерациясы, Башқұртстан Республикасы, Уфа қаласындағы ғылым және технология университетінің филология

ғылымдарының докторы, профессор Айгуль Раисовна Мухтаруллинамен бірлестікте орындалды. (Уфа қ., Башқұртстан, Ресей).

Зерттеудің мақсаты - қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерін зерттеудің когнитивтік-фреймдік талдау үлгісін ұсыну және кәсіби білімнің вербалдану ерекшелігін айқындау.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы - талданған офтальмология терминдері қазақша-ағылшынша сөздік құрастыруда, терминдердің жиналған анықтамалары түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар жасауда пайдалы болады. Терминді когнитивтік-фреймдік талдау үлгісі терминология, лексикология пәндерінің практикалық сабақтарында пайдалануға көмегін тигізеді. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдау барысында алынған нәтижелер курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік, докторлық диссертациялар жазуда қызығушылық тудырады. Зерттеу нәтижесінде жасалған электронды офтальмология сөздігі басқа сөздіктер құрастыруға негіз болады. Офтальмология терминдеріне арналған сайт кәсіби мамандардың, болашақ көз дәрігерлерінің, терминолог ғалымдар мен ізденушілердің пікірталас алаңына айналып, қазақ тілінде офтальмология терминдерінің қалыптасуына, оқулықтарының жазылуына ықпал етеді.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымның 1)Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

2)Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

3)Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

4)Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы (2021-2024), Уфа қаласындағы ғылым және технология университеті, филология факультетінің гуманитарлық факультеттерінің шет тілдері кафедрасы (2024).

Докторлық диссертация нәтижелері 6 басылымда жарияланды, оның ішінде 2-еуі ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 2 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін World Journal of English Language журналында (процентиль=47%, Q2. 2025 ж.) және Forum for Linguistic Studies (процентиль: 55%, Q2. 2025 ж.) журналында, Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 2 мақала, оның ішінде шет елдік конференцияларда – 1 мақала.

4. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Хасанғалиева Бибигуль Кенесовна	Әлісжан Сарқыт Қалымұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор (мамандығы 10.02.02 – Қазақ тілі), Назарбаев Университеті, Әлеуметтік және гуманитарлық мектебі, Астана қ., Қазақстан,	Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор (мамандығы 10.02.02 – Қазақ тілі), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессор С.Қ. Әлісжан және филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ж.Айдарбек жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Б.К. Хасанғалиеваның жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
4	Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6D02304 – Филология	30 маусым 2025 жыл	PhD 00032511525 №2031 бұйрық, 17 қараша, 2025 ж.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты А.Ж.Мұханның диссертациялық жұмысы «Қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклоры: жанрлық табиғаты, тарихи эволюциясы мен трансформациясы» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Беларусь мемлекеті, Минск қаласындағы Беларусь мемлекеттік университетінің PhD Азап Самет бірлестікте орындалды. (Минск қ., Беларусь).

Зерттеудің мақсаты - қазіргі қазақ қоғамындағы үйлену ғұрып фольклорының жанрлық табиғатын анықтай отырып, оның тарихи эволюциясын байыптап, бүгінгі өмірге трансформациялану жолдарын саралау.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін фольклордың түрлі жанрларын зерттеу барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ, жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған фольклортану саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен қолдануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін фольклортанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға, докторанттарға қажетті теориялық практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық

комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс Қазақстандағы фольклортану, әдебиеттану саласындағы зерттеулердің негізін құрайтын, сонымен қатар рухани және мәдени мұраны сақтау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды аспектілерін қамтитын елімізде қабылданған мемлекеттік нормативтік құжаттар мен үлгі қалыптарға негізделіп жасалды: 1) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт, 21.11.2018 ж.). 2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (12.10.2021 ж., №726). 3) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (16.10.2023 ж., №914). 4) «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (12.10.2021 ж., №724).

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» (2021), «Түркі филологиясының өзекті мәселелері» атты дәстүрлі онлайн ғылыми семинары (М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, 2022). Сонымен қатар, диссертацияда «Беташар» мен «Сыңсу» жанрларының заманауи трансформациясын және халықтың оларды қабылдау ерекшеліктерін анықтау мақсатында онлайн форматта сауалнама жүргізілді (Google Forms платформасында, 500 респондент). Бұл сауалнамаға төмендегі ұйымдар қатысты: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы, №7 Тоғыз жалпы орта білім беретін мектебі КММ, Ақтөбе көпсалалы Тарлан колледжі, І. Үргенішбаев атындағы ЖОББМ, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Т. Жармағанбетов атындағы мектебі, Ақтөбе жоғарғы политехникалық колледжі, №2 Қарауылкелді ЖОББМ. Келесі сыңсудың жаңғыруына, жаңаруына қатысты сауалнама Google forma арқылы электронды нұсқада Қазақстанның Атырау, Қызылорда, Шымкент, Түркістан, Астана, Алматы, Орал, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Талдықорған, Қарағанды өңірлерінен алынды (702 респондент). Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары бойынша келесідей конференцияларды ауызша баяндама жасалды: «Жастар, ғылым және инновация» атты ХІХ халықаралық ғылыми конференцияда (Ақтөбе, 12 сәуір, 2023 ж.), «Современные проблемы преподавания башкирского языка в Республике Башкортостан и других регионах Российской Федерации» атты ғылыми-практикалық конференцияда (Ресей, Уфа, 14 ақпан, 2020 ж.), «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференцияда (Орал, 24 қараша, 2023 ж.). Сонымен бірге Ресей ғылым академиясы Уфа федералдық зерттеу орталығының «Тарих, тіл және әдебиет» институтынан тағылымдамадан өту барысында зерттеу тақырыбы аясында ізденіс жасалды (Ресей, Уфа, 10.02.2020-10.03.2020 жж.).

Докторлық диссертация нәтижелері 9 басылымда жарияланды, оның ішінде 4-еуі ҚР ҒЖЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 1 мақала Web of science Cjre Collection ғылыми деректер базасына кіретін Folklore. Electronic Journal of Folklore. (Q1. 2025 ж.) журналында, Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 4 мақала, оның ішінде шет елдік конференцияларда – 1 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер
---	-----------	--------------

1	Мұхан Ақтоты Жансұлтанқызы	Әбсадық Алмасбек Ахметұлы – филология ғылымдарының докторы, доцент (10.01.09 – Фольклортану), А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан.	Даутова Гульназ Рахимовна – PhD, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы (6D021400 – Әдебиеттану), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.
---	-------------------------------	---	---

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, доцент А.А. Әбсадық және PhD, қауымдастырылған профессор Г.Р. Даутова жоғары кәсіби біліктілігін танытты. А.Ж.Мұханның жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
5	Жетесова Жанар Алмасовна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	8D02304 – Филология	04 шілде 2025 жыл	PhD00032514225 №2027 бұйрық, 17.11.2025 жыл.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Ж.А.Жетесованың диссертациялық жұмысы «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Түркия, Измир қаласындағы Эгей университетінің PhD, профессоры Метин Экиджимен бірлестікте орындалды. (Измир қ., Түркия).

Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы талдау арқылы олардың ортақ және айырым белгілерін анықтау.

Зерттеу барысында талданған тілдік материалдар мен жинақталған деректер қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілерде кездесетін анималистік лексиканы лингвомәдени және когнитивті аспектіде меңгертуге, сондай-ақ оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешендер мен арнайы сөздіктерді әзірлеу және толықтыру ісінде кеңінен пайдалануға болады. Ертегідегі жануарлар атауларының семантикалық, символдық және концептуалдық ерекшеліктері болашақ мамандардың тілдік-мәдени құзыретін қалыптастыруда, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуда және аударматануға бағытталған оқу бағдарламаларында тиімді қолданылуы мүмкін.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымның 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»; 2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы; Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен); 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген; 4) Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен байланысты.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы (2022-2025), Түркия, Эгей университеті, түрік фольклоры кафедрасы (2024).

Докторлық диссертация нәтижелері 13 басылымда жарияланды, оның ішінде 4-еуі ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 1 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін Eurasian Journal of Applied Linguistics (процентиль=85%, Q1. 2025 ж.) журналында, Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 8 мақала, оның ішінде шет елдік конференцияларда – 4 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер
1	Жетесова Жанар Алмасовна	Ислам Айбарша – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 10.02.19 – Тіл теориясы. Байтелиева Жанар Дәрібекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Назарбаев университеті, Астана қ., Қазақстан, мамандығы 10.02.06 – Түркі тілдері.

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессор А. Ислам және филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор Ж.Д.Байтелиева жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Ж.А. Жетесованың жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
---	-----	----------	----------------	-------------	-------------------------------------

6	Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызы	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	8D02304 – Филология	25 қыркүйек 2025 жыл	PhD 00032514125 №2032 бұйрық, 17.11.2025 жыл.
---	--	--	------------------------	----------------------------	---

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Н.Б. Ағымедуллаеваның диссертациялық жұмысы «Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және ағылшын медиа материалдары негізінде)» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Түркия, Анкара қаласындағы Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің PhD, профессоры Наджие Йылдызбен бірлестікте орындалды. (Анкара қ., Түркия).

Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі қоғамдық-саяси саладағы медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау және талдау.

Жұмыс нәтижелерін практикалық тұрғыдан бірнеше салада қолдануға болады. Ең алдымен, білім беру саласында: зерттеу материалдары лингвомәдениеттану, аударматану бойынша арнайы курстар мен оқу құралдарын әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін. Қазақ және ағылшын тіліндегі сөздерді мәдениетті ескере отырып, салыстырмалы талдау көптілді ортада жұмыс істейтін халықаралық қатынастар мамандарын, дипломаттарды, журналистерді даярлауда қолданылуы мүмкін. Жиналған сөз корпусын және анықталған жиілік бірліктерін қазіргі саяси коммуникацияның фразеологиясы мен жаңа реалиялардың терминологиясы бойынша екі тілді сөздіктер мен анықтамалықтар құрастыруда пайдалануға болады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің медиалингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, дискурсология сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанында №724 бұйрықпен бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Масс-медиа туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 19 маусымындағы №93- VII ҚРЗ.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік

университеті, филология факультетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы (2022-2025), Түркия, Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, түрік фольклоры кафедрасы (2024).

Докторлық диссертация нәтижелері 7 басылымда жарияланды, оның ішінде 2-еуі ҚР ҒЖЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 1 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін *International Journal of Society, Culture & Language* (процентиль=86%, Q1. 2025 ж.) журналында, Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 4 мақала, оның ішінде шет елдік конференцияларда – 2 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызы	Ахатова Багила Абилюмовна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 10.02.19 – Тіл теориясы.	Шохаева Карлыгаш Нурлановна – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 6D021300 – Лингвистика.

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Ахатова және PhD К.Н. Шохаева жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Н.Б.Ағымедуллаеваның жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
7	Наурызбайқызы Гүлдана	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	8D02304 – Филология	30 қазан 2025 жыл	Комитетке ұсынылды

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Г. Наурызбайқызының диссертациялық жұмысы «Дискурстың ұлттық ерекшеліктері (қазақ, орыс, ағылшын тілі материалдары негізінде)» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Уфа ғылым және технология университетінің филология ғылымдарының докторы, профессор Мухтаруллиная Айгуль Раисовнамен бірлестікте орындалды. (Уфа қ., Башқұртстан).

Зерттеудің мақсаты - қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасы дискурсын талдау негізінде дискурстың ұлттық ерекшеліктерін анықтау, сипаттау.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін тіл мамандарын, оқытушыларды, аудармашылар мен мәдениетаралық коммуникация мамандарын дайындауға қажетті оқу-әдістемелік құралдарды құрастыруда, осындай бағыттағы ғылыми зерттеулерге пайдалануға болады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымның 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»; 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанында, № 724 қаулысымен бекітілген; 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсаны, №1045 қаулымен бекітілген; 4) Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы (2021-2024), Уфа ғылым және технология университеті, гуманитарлық факультеттердің шетел тілдері кафедрасы (2024), Назарбаев университетінің ISSAI ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (2025).

Докторлық диссертация нәтижелері 6 басылымда жарияланды, оның ішінде 2-еуі ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 2 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін International Journal of Society, Culture and Language (процентиль=89%, Q1. 2023 ж.) және World Journal of English language (процентиль=66%, Q2. <https://doi.org/10.5430/wjel.v16n2p44>) журналдарында, Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 2 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
		Жолшаева Майра	Байшукурова Гулнур
1	Наурызбайқызы Гүлдана	Сатыбалдиевна – филология ғылымдарының докторы, профессор (мамандығы 10.02.02 – Қазақ тілі), SDU University, Алматы қ., Қазақстан.	Жолаушыбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (мамандығы 10.02.01 – Орыс тілі), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.,

		Қазақстан.
--	--	------------

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессор М.С. Жолшаева және филология ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Ж. Байшукурова жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Г. Наурызбайқызының жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	Т.А.Ә.	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
8	Куцанова Айнур Нурасловна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	8D02304 – Филология	30 қазан 2025 жыл	Комитетке ұсынылды

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты А. Куцанованың диссертациялық жұмысы «М. Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Түркия Республикасы, Измир қаласындағы Эгей университетінің PhD, профессор Экиджи Метинмен бірлестікте орындалды. (Измир қ., Түркия).

Зерттеудің мақсаты - М. Әуезов шығармаларын лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеудің әдістемелік қадамдарын ұсына отырып, жазушы шығармаларын талдау, көркем шығармадағы ұлттық дүние бейнесі мен автордың идиостилін анықтау.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, көркем әдебиет стилистикасы курстарын дайындауда, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде, сонымен қатар, зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми тұжырымдарды дипломдық, магистрлік, докторлық диссертациялар, монографиялар мен оқу құралдарын жазу барысында негізге алуға болады, тілдік және мәдени анықтамалықтарды, еңбектерді құрастыруда қолдануға болады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік бағдарламаларға сілтемелер жасалды:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы». 2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен). 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазандағы, №724 бекітілген. 4) Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен

құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, филология факультетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы (2022-2025), Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы (2022-2025), Түркия, Эгей университеті, түрік фольклоры кафедрасы (2024).

Докторлық диссертация нәтижелері 12 басылымда жарияланды, оның ішінде 4-еуі ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 2 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін International Journal of Society, Culture and Language (процентиль=89%, Q1. 2023 ж.) және Eurasian Journal of Applied Linguistics (процентиль=81%, Q1. 2025 ж.) журналында, Халықаралық конференциялардың жинақтарында – 6 мақала, оның ішінде шет елдік конференцияларда – 2 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер
1	Кушанова Айнур Нурасловна	Сүйеркүл Ботагөз Мырзабайқызы – филология ғылымдарының докторы, доцент (мамандығы 10.02.06 – Түркі тілдері), Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. Исакова Асылымай Сагинбековна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (мамандығы 10.02.02 – Қазақ тілі), Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан.

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, доцент Б.М. Сүйеркүл және филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.С. Исакова жоғары кәсіби біліктілігін танытты. А.Н. Кушанованың жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
9	Есбергенова Гульнар Исамадиновна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6D02304 – Филология	27 қараша 2025 жыл	Комитетке ұсынылды

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Г. Есбергенованың диссертациялық жұмысы «Түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Түркия Республикасы, Анкара қаласындағы Қажы Байрам Вели университетінің PhD, профессор Наджие Йылдызбен бірлестікте орындалды. (Анкара қ., Түркия).

Зерттеудің мақсаты - түркі тілдеріндегі маскулиндік және фемининдік гендерлік концептосфераның лингвомәдени моделін құрастыру, оның лингвомәдени, құрылымдық-семантикалық, аксиологиялық, типологиялық сипаттарын айқындау және ассоциативтік эксперимент материалдары негізінде қазіргі концептуалдық вербалдануын эмпирикалық тұрғыда анықтап негіздеу, салыстырмалы талдау.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері білім беру, лексикография, аударма және дискурс-сараптама практикасы үшін қолданбалы құралдар жиынтығын ұсынады. Деңгейлік модель мен аксиологиялық домендерінің матрицасы негізінде түркі лингвомәдениеті бойынша гендерлік оқу модульдерін жобалауға, паремиологиялық және фразеологиялық материалдарды, мәтіндерді құндылықтық қағидаты тұрғысынан оқытуға, «құндылықтық оқу» дағдыларын қалыптастыруға болады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымның 1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы); 3) Тарихи-мәдени мұра // Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы); 4) Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы) концепцияларымен байланысты.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Докторлық диссертация нәтижелері 6 басылымда жарияланды, оның ішінде 1-еуі ҚР ҒЖЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 2 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін Eurasian Journal of Applied Linguistics (процентиль=81%, Q1. 2023 ж.) және Oriental Studies (процентиль=54%, Q2. 2023 ж.) журналында, халықаралық конференциялардың жинақтарында – 3 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Есбергенова Гульнар Исамадиновна	Боранбаев Сандыбай Режепұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор (мамандығы 10.02.06 – Түркі	Райхан Багила – PhD (мамандығы 6D021300 - Лингвистика және қолданбалы лингвистика),

		тілдері), М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры, Шымкент қ., Қазақстан.	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Шығыстану факультеті, Шығыс филология кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан.
--	--	--	--

Рецензенттер филология ғылымдарының докторы, профессор С.Р. Боранбаев және PhD Р. Багила жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Г.И. Есбергенованың жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
10	Садулова Жайнагуль Кемаладиновна	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6D020500 – Филология	28 қараша 2025 жыл	Комитетке ұсынылды

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті докторанты Ж.К. Садулованың диссертациялық жұмысы «Қазақстан Республикасында көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері (батыс өңірі материалдары негізінде)» тақырыбында орындалған.

Зерттеу жұмысы шетелдік ғылыми кеңесші, Ресей Республикасы, Уфа қаласындағы М. Акмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор Хусаинова Ляйля Мидхатовнамен бірлестікте орындалды. (Уфа қ., Ресей).

Зерттеудің мақсаты – көптілді білім берудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде талдау және олардың тиімді жүзеге асырылуына ықпал ететін ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Әлеуметтік лингвистика», «Психоллингвистика» пәндерін оқытуда қолданылуымен айқындалады. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асыруда көптілді білім беру мен пәндерді оқытуда негізгі құрал бола алады.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы; Диссертациялық жұмыс ғылымның 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (актінің өзгертілген күні 01.01.2023); 2) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы (актінің өзгертілген күні 20.08.2024); 3) «Білім туралы» Қазақстан

Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (актінің өзгертілген күні 01.09.2024); 4) Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы; 5) «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (актінің өзгертілген күні 14.06.2024) ; 6) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді (актінің өзгертілген күні 20.02.2023); 7) «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010 Алматы, 2010. концепцияларымен байланысты.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Докторлық диссертация нәтижелері

9 басылымда жарияланды, оның ішінде 2-еуі ҚР ҒЖЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда, 2 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін X Linguae European Scientific Language Journal (процентиль=85%, Q1. 2023 ж.) және Forum for Linguistic Studies (процентиль=59%, Q2. 2025 ж.) журналында, халықаралық конференциялардың жинақтарында – 3 мақала, республикалық конференциялардың жинақтарында – 2 мақала.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші докторанттың диссертациялық жұмысына тағайындалған рецензенттер Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереже талаптарына сәйкес келеді. Тағайындалған рецензенттер туралы мәлімет кестеде келтірілді:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Садулова Жайнагуль Кемаладиновна	Құрманбайұлы Шерубай – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор (мамандығы 10.02.02 – қазақ тілі), Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының жетекшісі. Алматы қ., Қазақстан.	Кенжемуратова Салима Кенжемуратовна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент (мамандығы 10.02.02 – қазақ тілі), М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстан филиалы. Астана қ. Қазақстан.

Рецензенттер ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Құрманбайұлы Шерубай және филология ғылымдарының кандидаты, доцент Кенжемуратова Салима Кенжемуратовна жоғары кәсіби біліктілігін танытты. Ж.К. Садулованың жұмысына қатысты рецензенттер тарапынан айтарлықтай ескерту болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар. –

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) –

10

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0

Ескерту:
Диссертациялық кеңестің ашылу бұйрығының № 394, 15.08.2023 - 31.12.2025;
Диссертациялық кеңестің ұзартылу бұйрығының №1763, 03.10.2025. Диссертациялық кеңес
жұмысы 14.08.2026 дейін ұзартылды.

Филология факультеті

Садирова К.К.

Исакова С.С.

Мөр. Мерзімі. 2025 жылғы «19» _желтоқсан_